

Қазақстан Республикасының Елабуга қаласындағы автомобиль зауытының қуаттары кешенін бірлесіп құру туралы үкіметаралық Келісімнің жүзеге асырылуына қатысуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 814

1995 жылғы 26 мамырда Минскіде қол қойылған Елабуга қаласындағы автомобиль зауытының қуаттары кешенін бірлесіп құру туралы үкіметаралық Келісімді жүзеге асыру туралы шешімді орындау мақсатында және республиканың аталған жобаға қатысуының экономикалық орындылығына зор мән бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "ЕлАЗ-инвест" мемлекетаралық консорциумның жарғылық қорына Қазақстан Республикасынан кемінде 8 (сегіз) млн. АҚШ долларына баламалы сомадағы мүліктік жарнамен мемлекеттік үлес енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде акционерлік қоғамдардың кемінде 8 (сегіз) млн. АҚШ долларына баламалы сомадағы акцияларының мемлекеттік пакетін мүліктік жарна ретінде белгіленген тәртіппен, қосымшаға сәйкес "ЕлАЗ-инвест" мемлекетаралық консорциумының жарғылық қорына берсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Станок жасау зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін санация жүргізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкісінен алынған несие ресурстарын қайтарғаннан кейін, белгіленген тәртіпке сәйкес қайтарып алатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Елабуга" жеңіл автомобиль зауыты" өндірістік бірлестігінің Минскіде 1993 жылғы 28 сәуірде қол қойылған Елабуга қаласындағы автомобиль зауытының қуаттары кешенін бірлесіп құру туралы үкіметаралық Келісімнің 4-бабымен белгіленген шарт бойынша Қазақстан Республикасына табыс етілетін мүлкін Қазақстан Республикасының меншігіне ресімдейтін болсын.

4. "Арғымақ" автомобиль корпорациясы" акционерлік қоғамы "ЕлАЗ-инвест" мемлекетаралық консорциумындағы өндірістік мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті мен жергілікті атқарушы органдар "Арғымақ" автомобиль корпорациясы" акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында Елабуга автомобиль зауытының жеңіл автомобильдеріне арналған жинақтаушы бұйымдардың өндірісін ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді шешуде көмектесетін болсын.

6. "Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына қосымшаға (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж,

N 194) мынадай өзгерту енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкісіне берілетін төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың тізбесінен "Станок жасау зауыты" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 28 маусымдағы
N 814 қаулысына
қосымша

"ЕлаЗ-инвест" мемлекетаралық консорциумының
жарғылық қорына акцияларының мемлекеттік
пакеті табыс етілетін акционерлік қоғамдарының
Тізбесі

"Станок жасау зауыты" акционерлік қоғамы - 90%

<*>

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты"
акционерлік қоғамы - 10%

<*>

Ескерту: Акциялардың мемлекеттік пакетінің доллармен есептелген ақша түріндегі көлемі аудиторлық бағалаудан кейін айқындалады.

ЕСКЕРТУ. Қосымша толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.10.11. N 1254 қаулысымен.

P961254_

ЕСКЕРТУ. Қосымшадан сөз алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.10.09. N 1245 қаулысымен.

P961245_

ЕСКЕРТУ. Қосымшадан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.02.25. N 262 қаулысымен.

P970262_